

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 309 (2016), 164 – 168

A. Zholmakhanova

Kyzalorda State University named after Korkyt Ata
erke_zh@mail.ru

HISTORICAL VALUE OF KHALIFA ALTAY REMINISCENCES

Summary. The article touches upon one of the backward fields of the Kazakh literature studies - diasporas literature including genre of reminiscences. Study of the diasporas literature considering as an inseparable part of our national literature has been begun since post-independence years. The article is one part of such studies.

It considers the reminiscences on the diasporas literature, memoir, emigrants, opinions of both Kazak researches and foreign scientists. The memoir works of the Kazakh emigrant Kalifa Altay "Altaidan augan el", "Estelikterim" about hard fortune of our kinsmen are analyzed in the article.

Great value of the mentioned works both for literature studies and sociology, historical sciences is noted in the article.

Key words: literature, diasporas literature, genre, emigrant, memoir, reminiscence

ӨӘЖ: 809.434.2:950(574)

А.Б. Жолмаханова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

ХАЛИФА АЛТАЙ ЕСТЕЛІКТЕРІНІҢ ТАРИХИ МӘНІ

Аннотация. Мақалада қазақ әдебиеттану ғылымында кенже қалып келе жатқан салалардың бірі – диаспоралық әдебиет, соның ішінде естелік жанры туралы сөз қозғалады. Ұлттық әдебиетіміздің ажырамас бөлігі болып саналатын диаспоралық әдебиетті зерттеп-зерделеу тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары қолға алына бастағаны белгілі. Зерттеу нысанына айналып отырған мақала осындай зерттеулердің бір бөлігі болып табылады. Зерттеу барысында диаспоралық әдебиет, мемуар, эмигрант естеліктері жайлы сөз болып, қазақ зерттеушілерімен қатар шетелдік ғалымдардың пікірлері де негізге алынған. Мақалада шетелдердегі қандас бауырларымыздың қилы тағдыры сөз етілген қазақ эмигранты Халифа Алтайдың «Алтайдан ауған ел», «Естеліктерім» атты мемуарлық еңбектері талданады.

Аталған туындылардың әдебиеттану ғылымы үшін ғана емес әлеуметтану, тарих ғылымдары үшін де маңыздылығы атап өтіледі.

Түйін сөздер: әдебиет, диаспоралық әдебиет, жанр, эмигрант, мемуар, естелік.

Қазіргі зерттеулер нәтижесі әлемнің 40-тан астам мемлекетінде төрт миллионға жуық қазақтар өмір сүретіндігін көрсетіп отыр. Олардың тарихи Отанынан қоныс аударуының түрлі себептері мен жолдары бар. Шетелдердегі қазақтардың өмір сүру салтын, мәдениеті мен әдебиетін, тілдік ерекшеліктерін т.б. зерттеу еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қолға алына бастады. Өркениетті мемлекет ретінде өз қандастарымыздың мәдени-рухани өмірін, әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерттеп зерделеу аса қажет мәселелердің бірі.

Әдебиет – ұлт тарихының көркем шежіресі. Осы тұрғыдан қарағанда шетелдегі қазақтардың әдебиетін зерттеудің өзектілігі қашанда жоғары. «Диаспоралық әдебиет» ұғымы бұрыннан бар. Бұл ұғым көп уақытқа дейін тіл, әдеби дәстүр, этникалық қатыстылығы мен белгіленген кеңістік, яғни аумақ үйлесушілігі алдын ала болжанған ұлттық қағидадан ауытқушылық ретінде қарастырылып, жазушының сәйкестігін айқындаған жағдай ретінде қабылданды. Диаспора қалыптастырған өзіндік

мәдениет әлемдік әдебиетті зерттеуде ұлттық әдебиеттер қатарында еленбей келді» [1], - деген сөз бүгінгі әдебиеттану ғылымының алдында тұрған бір мақсатты айқындайтыны сөзсіз. Соңдықтан диаспоралық әдебиетті жанрлық, тақырыптық, стильдік, көркемдік тұрғыдан қарастыру арқылы біз көркем әдебиетке баға беріп қана қоймай, шетелдердегі қазақтардың тұрмыс-тіршілігінен тұтас хабардар боламыз.

Ю.Б.Борев «Эмиграция және әдебиет» деген еңбегінде эмигранттық әдебиеттің басты ерекшеліктері ретінде үш қасиетін атап көрсетеді. Олар: 1) сағыныш, бұл тақырып пен идея барлық эмигранттық әдебиеттің өзегі; 2) тарихи Отанымның жағдайы қалай? Өз Отаным үшін мен не істей аламын? Үнемі ойша өз еліне сапарлау; 3) еліме қашан ораламын? (Аударма: А.Ж.) [2].

Орыс ғалымының пайымы әсіресе, эмигранттардың мемуарлық шығармаларында анық көрінеді. Өйткені естелік – шыншыл жанр. Әдебиетте қаламгер өзінің өмір жолын, көзімен көріп, көңілге тоқыған қоғамдағы өзгерістер мен оқиғаларды, ақиқат өмірді естелік ретінде кейінгі ұрпаққа қалдыру қалыптасқан үрдіс.

Зерттеуші-ғалым И.О.Шайтанов: «Кез келген мемуарлық шығармада жазылған оқиғаның шынайылығы автордың есте сақтауы мен көзқарасы тұрғысынан бағаланады» [3],-десе, Л.Я.Гаранин: «Мемуарлық шығарманың құндылығы қаламгердің өзі туралы естелік қалдыру, жинақталған тәжірибесін келер ұрпаққа аманат ету, өткенді жаңаша бағалау мақсатында жатыр» [4], - дейді. Ендеше, мемуарға, соның ішінде естелікке тән ең басты қасиет сол қоғамның тұтас оқиғаларын баяндап қана қоймай, замана ағымы мен өмір шындығынан сыр шертуінде, сол кезеңде өмір сүрген белгілі тұлғалардың шынайы бейнелерін жасауында.

Халқымыздың басында сан қилы замандар өткені тарихтан мәлім. Соның бірі – ХХ ғасырдың 40-жылдары Қытайдағы қазақтардың жер-суын тастап, белгісіз бағытқа үдере көшуі болды. Осы қатерлі де азапты көш туралы бүгінде бірнеше кітап жазылды. Дегенмен, қилы-қилы тарихымызды түгендеп, өткенімізді тануда шоктығы биік көрінетіні – Халифа Алтайдың «Алтайдан аудан елі».

Халифа Алтай 1917 жылы Шығыс Түркістанда дүниеге келген. 1933-1938 жылдардағы Қытайдағы қуғын-сүргінге байланысты Шығыс Түркістанды мекендеген қазақтар Қытайдың Баркөл, Гансу, Цинхай аймағына қоныс аударады. 1940 жылы Халифа Алтай және Елісхан, Зайып сияқты баскөтерер қытай қазақтарының бастауымен бірнеше мың адам Тибет арқылы Үндістанға барып, 1941 жылы Кашмир өлкесінде тұрақтап қалады.

Халифа Алтай Үндістан мен Пәкістанда арабша, урдуша білім алады. 1951 жылы Пешавар қаласында Қытайдан көшіп келген қазақтар қоғамы құрылғанда, сонда жауапты хатшы болады. Түркияға қоныс аударғаннан кейін шығармашылықпен айналысып, Шығыс Түркістаннан басталған азапты сапар туралы өмірбаяндық бірнеше кітаптар жазған. Өзінің шығармашылық жолға түсуіне байланысты «Естеліктерім» атты кітабында: «... Сондықтан бұл тарихи өмір шындығын бір дастан етіп жырлауды, келешек ұрпаққа қалдыруды қасиетті бір азамат борышы, елеулі бір күрделі міндет деп бағалағандығым үшін осы (Естеліктерімді) жазып шықтым. Бұл дастанның әдеби көркемдігі оншалық қызықтырмаса да болмыстардың шиеленісе елестетілген мәні, маңызы жағынан дерліктей көңіл аударып, тамсандыра таңырқатумен қатар, кей жерде қынжылта күрсіндіріп, кей жерде көңіл босатып, көзге жас келтірмей қоймайды. Өйткені бұл бір жай ғана роман немесе бір ертегі емес. Нағыз аянышты өмір шындығы ғой» [5. 5-б.], - дейді. Шынында, естелік-дастандағы басты ерекшелік тарихи оқиғаны баяндау кезінде халықтың, автордың ішкі көңіл-күйі мен ой-сезімінің қосыла беріліп, өріліп отыруы.

Сағындым, қайран Алтай, өскен жерім,
Кіндігімді кір жуып, кескен жерім.
Дүниенің қай бұрышында жүрсем дағы,
Естен кетпей көкейді тескен жерім. [5. 18-б.]

Өлең жолдарында автордың ой ағысы сағыныш, мұң, туған жердің қадір-қасиеті түрінде берілген. Дәстүрлі ақындық поэзияға тән қасиетті дастан бойына мол сіңіре алған автор, эпикалық жанрдағы өзінің қалам қарымын көрсете алған. Құр оқиғаны баяндау ғана емес, көңіл-күй сезімін араластыра, астастыра беруі шығарманың құндылығын арттырып тұрғандығын айтуымыз керек.

Шығыс Түркістаннан Гансу, Шинхай аймағына қоныс аударғаннан кейінгі ауыр жағдай да өлең өрімінде әсерлі суреттелген. Жергілікті билік тарапынан болған қысым, зорлық-зомбылық дастан сюжетінің шынайылығын арттырумен қатар, көркемдік кестеге де қызмет етіп тұр:

Бұл жердің өкіметі жергілікті,
Біз көрдік содан тағы көргілікті.
Зорлықпен ауған елден ат жинап ап,
Істеді содан жаман бір қылықты.

Біреудің жалғыз аты жанға өлшеген,
Біреудің жүйрік аты әлпештеген.
Не түрлі сәйгүліктің бәрі кетті,
Жорғалар, жортақылар секектеген. [5.38-б.]

Ата жұртынан ауған қазақтың көрген теперіші, қуғын-сүргін суреттелген өлең жолдарын тебіренбей оқу мүмкін емес. Осы оқиға Х.Алтайдың «Алтайдан ауған ел» атты естеліктер кітабында: «Тағдырдан қай қылығымызға бола қарғыс алғанымызды кім білсін, жергілікті үкімет бізге тағы қырын қарады. Жөн-жоба көрсетіп, қол үшін берер бір пенде болсайшы. Елінен, жерінен ауып берекесі қашқан қазақтардың аттарын дүнгендер зорлықпен жинауға кірісті. Ең таңдаулы сәйгүліктерді іріктеп, таңбалап алды. Маңдайға басқан жорға, жүйріктерімізден айрылып, күлбеттеніп қала бердік» [б. 27-28-б.], - деп жазады.

Х.Алтай Шығыс Түркістан аймағынан ауған қазақтардың басынан өткізген оқиғаларын естелік түрінде беруде шығармашылық тұрғыдан жанрлық ізденістерге барғандығы да байқалады. Біз сөз етіп отырған «Естеліктер» атты дастан мен «Алтайдан ауған ел» атты естелік кітапта суреттелетін оқиға өзегі бір. Мұндай көркемдік ізденістер әдебиет тарихында бұрыннан бар үрдіс.

Әдебиеттану ғылымында: «Мемуар - (фран. *Mémoires* – еске алу) автордың өз көзімен көрген, қатысып, араласқан оқиғалар жайындағы жазбалары өмірбаян түрінде, күнделік түрінде, жолжазбалар түрінде кездеседі. Қандай үлгіде жазылса да, әдеби шығарма жай естелік болып қалмайды. Естелік немесе өмірбаян, күнделік түрлерін пайдалану көркемдік тәсіл ретінде қолданылады, шығарманың өмірдегі болған оқиғаларға, нақтылы деректерге сүйеніп жазылғанын көрсетеді. Бірақ жазушының сол өткен шындықты еске алып, қорытып, өзінше бағалап бейнелеуіне шығарманы жазған кездегі уақыт тынысының да ықпалы болмай қалмайды. Мемуарлық шығарма автордың өзі көріп, білген жайларды, әр түрлі адамдардың әрекетін анықтап, айғақтап айтатыны – бұл жанрдың өзгешелігі және артықшылығы», -деп анықтама берілген [7].

Естеліктің осы қасиетінің әдебиеттану ғылымы үшін құндылығы жоғары. Мемуарлық жанрдың тағы бір ерекшелігі шынайы өмірді бейнелей отырып, ұлттық тарихымыз бен жүріп-өткен жолымыздан сыр шертуінде. Осы ретте Х.Алтай естеліктерінің тарихи маңыздылығын да айта кетуіміз керек.

XIX ғасырдың соңғы кезінде Алтай, Тарбағатай аймақтарының қазақтары бытырап, Құмыл, Баркөл, Мори жаққа қоныс аудара бастайды. Мұның бірнеше себептері болды: халық өкіметке шамадан тыс, өте көп алым-салық төлеп, әл-ауқаты барған сайын төмендейді. Екіншіден, Алтай, тарбағатай билеушілерінің әділетсіз биліктері мен олардың шаш ал десе бас алатын жандайшап, атарман-шабармандарының оспадар іс-әрекеттері де қалың қауымның жүйкесін тоздырды. Осы секілді себептер түрткі болып, тыныш тіршілікті арман еткен халық басқа жақтарға ауыл-ауыл болып көшіп кетіп жатты[6].

Атажұрттан жырақта өмір сүруге себеп болған тек бұл бір саяси жағдай емес. XX ғасырдың бірінші жартысындағы «Столыпин саясаты», 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс пен 1931-1932 жылғы жаппай ашаршылық, 1937 жылғы қуғын-сүргін, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы қазақ шашырандыларының санын ұлғайта түсті.

«Алтайдан ауған ел» естелік кітабының «Алтайдан көш қалай басталды?», «Үндістанға кіру», «Көштен бөлініп қалғандар», «Түркияға көшу әрекеті», «Түркия қазақтары», «Саяхаттарым», «Атажұртпен қауышу» тарауларының өзі біздің сан қатпарлы тарихымызды парақтап бергендей.

1932-1933 жылдары Қытай билігінің қыспағына байланысты көптеген ауылдар Алтайды тастап Құмыл аймағы Баркөл ауданына қоныс аударады. Атамекенінен ауып Баркөлге бет алғандар 1933 жылдың күзінде жетіп, бес жыл осы жерді мекен еткен. Кейін Гансу өлкесіне өтеді.

Елісхан бастаған екінші көш жеңіске жетіп халыққа үлкен үміт сыйлайды. Елдің амандығы мен бірлігін ойлаған Зайып Ақыпұлы үшінші көшпен шекарадан өтіп, Елісханға барып қосылады. Қожамберген бастаған төртінші көштің сәтсіздікке ұшырауы 500 үйдің кері қайтуына себеп болады.

Профессор Б.Кенжебаевтың пікіріне сүйексек: «Мемуарлық шығарма тарих ізімен, тарихи шындыққа сай жазылады. Оның авторы, өзіне үлкен талаптар қоя отырып, басынан өткендерін, көрген-білгендерін, әр кездегі ойларын бүркемей, боямай, бұрмаламай, ашық, дәл, нақты жазады» [8. 259-б.], - деп тұжырымдайды. Осы тұрғыдан алғанда бұл шығарма сол заманның ауыртпашылығын, қандастарымыздың атажұртқа деген сағынышын, көзбен көрген қиыншылықтарын бүркеме-бояусыз жеткізе білгендігімен құнды дүние және сан қатпарлы тарихымыздың ашық көрінісі деп бағалауымызға болады. Х.Алтай кітабындағы мына бір оқиға сол кезеңдегі Кеңес Одағының қазақтарға деген саяси көзқарасын анықтауға себепші болады. «... Алайда осы бір момын ауылдың шырқы бұзылып, Кенжебек дегеннің лаңына ұшырайды. Кенжебек кеңестік Қазақстаннан келген қандыбалақ коммунистердің бірі еді. Шекарадан емін-еркін асып, көшіп-қонып жүрген ауылдарға күдіктене қараған ол 500 үйді Монғолияның шығысына қарай айдай бастайды. Бұл өктемдікке қарсылық білдіргендерге күш қолданады. Жол жөнекей қазақтарды екінші бір монғол генералға табыс етпек болады», - дейді [6.11-б].

Мемуар жанрының туу тарихы ерте дәуірлерден басталды десек те, оның шын мәніндегі жетілу, қалыптасу кезеңдері - XVIII-XX ғасырлар. Бұл жанрдың үздік классикалық үлгілеріне К.Гольдонидің «Мемуарлары», А.Герценнің «Көргендер мен ойлары», М.Горькийдің «Менің университеттерім», С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі», С.Айнидің «Бұқарасы», С.Мұқановтың «Өмір мектебі» т.б. жатады. [9. 473-б.]

Бұл қатар еліміз тәуелсіздік алғаннан бері Ә.Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым», Х.Әдібаевтың «Өмір дария», Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша», Қ.Жұмаділовтың «Таңғажайып дүние», Қ.Ысқақтың «Келмес күндер елесі», М.Мағауиннің «Мен» мемуарларымен толықты. Сондай-ақ Ә.Тәжібаевтың «Жылдар ойлар», Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» және тағы басқа кейбір туындылар – өздерінің ғұмырбаяндық нышандарының көзге ұрып тұруымен мемуар жанрының табиғатын айқын білдіре алатын шығармалар [10].

Жалпы, естелік жазуға кез келген қаламгер баруы мүмкін. Дегенмен, ондай туындылардың барлығын мемуарға жатқыза алмаймыз. Өзі өмір сүрген қоғамды, тарихи, саяси-экономикалық жағдайды шынайылықпен жаза білу ол жазушының шеберлілігін көрсетеді.

Осы ретте қоғам қайраткері, жазушы Халифа Алтайдың «Алтайдан ауған ел», «Естеліктерім» атты туындылары әдебиетте ғана емес, әлеуметтану, тарих ғылымы үшін де құнды, тарихи дерек көзі ретінде бағалауымыз қажет.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Қорабай С. // www.qazaq-alemi.kz
- [2] http://www.independent-academy.net/science/library/borev_emigracija.html
- [3] Шайтанов И.О. // Как было и как вспомнилось. – М.: Знание, 1981, 164 с.
- [4] Гаранин Л.Я. // Мемуарной жанр советской литературы. – М.: Наука и техника, 1986, 246-с.
- [5] Алтай Х. // Естеліктерім. Алматы, 2014.
- [6] Алтай Х. // Алтайдан ауған ел. Алматы, 2014, 271-б.
- [7] Әдебиеттану. // Алматы, 1998, 384-б.
- [8] Кенжебаев Б. // Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. Алматы, Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958 ж. 308 б.
- [9] Қазақ әдебиеті. // Алматы, Қазақстан даму институты, 1999. 750 б.
- [10] Ақыш Н.Б. // Қазақ мемуарлық романы. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2009. 329-б.

REFERENCES

- [1] Korabaj S. // www.qazaq-alemi.kz
[2] http://www.independent-academy.net/science/library/borev_emigracija.html
[3] Shajtanov I.O. // *Kak bylo i kak vspomnilos'*. – М.: Znanie, 1981, 164 s.
[4] Garanin L.Ja. // *Memuarnoj zhanr sovetskoj literatury*. – М.: Nauka i tehnika, 1986, 246-s.
[5] Altaj H. // *Estelikterim*. Almaty, 2014.
[6] Altaj H. // *Altajdan augan el*. Almaty, 2014, 271-b.
[7] *Adebiettanu*. // Almaty, 1998, 384-b.
[8] Kenzhebaev B. // *Kazar halkynyn XX gasyr basyndagy demokrat zhazushylary*. Almaty, Kazak memlekettik korkem adabiet baspasy, 1958 zh. 308 b.
[9] *Kazak adabieti*. // Almaty, Kazakstan damu instituty, 1999. 750 b.
[10] Akysh N.B. // *Kazak memuarlyk romany*. Filologija gylymdarynyn doktory gylymi darezhesin alu yshin dajyndalghan dissertacija. Almaty, 2009. 329-b.

А.Б. Жолмаханова

Кызалординский Государственный университет имени Қорқыт Ата,

ИСТОРИЧЕСКАЯ РОЛЬ ВОСПОМИНАНИЙ ХАЛИФЫ АЛТАЙ

В статье рассматривается одна из проблем – литература диаспор, в том числе исследуется жанр воспоминаний. В национальной отечественной литературе только после получения независимости началось исследование литературы диаспор, как неотъемлемой части литературного процесса. Эта проблема подробно описывается автором в данной статье.

В работе освещаются вопросы о литературе диаспор, мемуарах, воспоминаниях эмигрантов, дается анализ различным точкам зрения казахстанских и зарубежных исследователей. Автор в статье анализирует мемуары эмигранта-казаха Халифы Алтай «Алтайдан ауган ел», «Естеліктерім» в которых описывается тяжелая судьба наших соотечественников.

Выдвинутые в статье автором гипотезы имеют важное значение не только для литературоведения, но и для исторической науки.

Ключевые слова: литература, литературы диаспор, жанр, эмигрант, мемуары, воспоминания.

Сведения об авторе:

Жолмаханова А.Б. – докторантка 2 курса по специальности 6D011700 – казахский язык и литература, erke_zh@mail.ru